Жаңа тариф: Монополистің дегені бола ма?
7-бет

Үнді қайраткері Қазақстан туралы не жазды?
12-бет

Табиғатты ластау тыйылмай тұр
14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

8 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №213 (30692)

Мемлекеттіліктің мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Жаңа ҚазҰУ қалашығы салынады

Суреттерді түсірегендер – А.ДУЙСЕНБАЕВ, Е.УКІБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдады.

Кездесу барысында оқу орнының басшысы Президентке университеттегі маман даярлау ісі, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы баяндап, келесі жылы 90 жылдығын атап өтетін жоғары оқу орнының стратегиялық даму жоспарымен таныстырды.

Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, қазір университетте жалпы құны 8,1 миллиард теңге болатын 400 ғылыми жоба іске асырылып жатыр.

Президенттің мамыр айындағы ҚХР-ға ресми сапары аясында ҚазҰУ-да Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалын ашу жөнінде келісімге қол қойылған болатын. 12 қазанда университет базасында аталған оқу орнының филиалы ашылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына 2024-2026 жылдары ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Жаңа қалашықта 8 оқу корпусы, технопарк және 12 жатақхана бой көтермек. Жуық арада 3 180 орындық 3 жатақхананың құрылысы басталады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

«Hyrasia One» – стратегиялық маңызды жоба

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Svevind Energy Group» компаниясының бас директоры Вольфганг Кроппты қабылдады.

Компания басшылығымен кездесу барысында Маңғыстау облысында «жасыл» сутегін өндіру жөніндегі жобаны жүзеге асыруға дайындық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысына Еуропалық кеңес президенті Шарль Мишельдің былтыр Қазақстанға жасаған сапары барысында қол қойылған Инвестициялық келісім аясында алдын ала жобалауіздестіру жұмыстары (Pre-FEED) жүргізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді.

Жоба аясында су тұшыту зауытын, 40 гигаваттық жаңартылатын энергия көздері (жел, күн) стансаларын, сондай-ақ қуаты 20ГВт болатын әрі жылына 2 миллион тонна «жасыл» сутегін немесе 11 миллион тонна «жасыл» аммиак өндіре алатын суды электролиздеу қондырғысын салу және пайдалану көзделіп отыр. Инвестицияның алдын ала болжамды көлемі 50 миллиард евродан асады.

Вольфганг Кропп жобалық құжаттама 2026 жылға қарай аяқталатынын айтты. Инфрақұрылым құрылысын 2027 жылы бастап, 2032 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз үшін «Hyrasia One» жобасын уақтылы жүзеге асырудың стратегиялық маңызы зор екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы аталған бастама Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері саласын дамытуда жетекші жобалардың бірі болатынына әрі еліміздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатына елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы

2022 жылғы 20 қазанда Никосияда жасалған Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 7 қараша
№ 36-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы

2022 жылғы 20 қазанда Никосияда жасалған Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 7 қараша
№ 37-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 20 қазанда Ереванда жасалған Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 7 қараша
№ 38-VIII ҚРЗ

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Ержан Уақасұлы Ыбыраев «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымына тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының өкімімен Шайх-Хасан Саттарқұлұлы Жазықбаев «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымынан босатылды.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАҒА – 30 ЖЫЛ

Коллекциялық монеталар айналымға түседі

Таяуда Ұлттық банк «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясы аясында «Teńgege 30 jyl» коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Амангелді ҚИЯС,
«Egemen Qazaqstan»

Биыл 15 қараша күні төл валютамызға 30 жыл толады. Әр елдің ұлттық валютасы – тәуелсіздік пен егемендіктің белгісі, мемлекеттегі ақша жүйесінің негізі.

«Teńgege 30 jyl» коллекциялық монеталары күмістен жасалған, сынамасы – 925/1000, өн бойында тантал металл да бар. Монета диаметрі – 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңгелік, таралымы – 300 (үш жүз) дана. Монетаның жалпы массасы – 84,32 грамм.

«Teńgege 30 jyl» монетасының дизайны цифрлық технологияларды дамыту тұрғысынан «₸» теңге белгісін пайдалануға негізделген. Белгінің сол жағындағы ою-өрнек даму мен өркендеуді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен нақышты білдіреді.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Теңге сарайында дайындалды.

Бұл монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Пайдаланушы үшін «Қазақстан монеталары» мобильді қосымшасы да жұмыс істейді. Онда монеталарға қысқаша сипаттама беріліп, сериялар бойынша тақырыптық бөлімдерге бөлінген. Яғни Ұлттық банк шығаратын монеталар туралы ақпаратпен толықтай қамтылған. Жекелеген монеталар бойынша бейнероликтерге, монеталардың 3D-суреттеріне, сондай-ақ толықтырылған шынайылық элементтеріне де сілтемелер берілген.

Монеталардың сатуға шығарылатын күні Ұлттық банктің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында қосымша хабарланады.



Номиналы 1 000 теңгелік «Teńgege 30 jyl» монетасының бейнесі

Номиналы 500 теңгелік «Teńgege 30 jyl» монетасының бейнесі

ЖАНАЙҚАЙ

Суретті түсірген – Руслан КАДЫРОВ

Жүгеріші жайын жүре тыңдамаңыз

Жаркентті «жүгерінің кіші отаны» деседі. Мұндағы шаруалардың дені ала жаздай «дала аруын» күтіп баптайды, нәсібі де соған байланысты.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Алайда биыл егінге орақ мерзімінен бір ай кеш түсті. Енді қыс жақындағанда дәнді кептіру оңай іс емес. Ал зауыт ылғал өнімнің бағасын әдеттегідей арзандатып алады. Оның үстіне бүгінде килосы 80 теңгені құрап отыр. Бұл қаржы пайда әкелмек тұрмақ, шығынды толық жаппайды да.

Иә, биыл панфиловтік шағын шаруалардың жайы мәз емес. Өнім мол болғанымен ауа райының қолайсыздығы егіншілердің еңсесін түсіріп отыр. Қазір қырман біткеннің басы үйілме-үйілме сары алтынға толып жатыр. Қазан айы жаңбырлы болып әбігерге салып еді, енді қараша келіп қаһарына міне бастады. Соған қарамастан жанкешті жұмыстың нәтижесінде өткен айда 15 мың гектардан астам өнім қырманға құйылды. Бұл – ауданда өсірілген барлық жүгері алқабының жартысына жетер-жетпес көрсеткіш. Көктемнің салқыны мен таудан келетін қар суының жылдағыдан азайғаны кедергі келтіргендіктен шаруалар егінін әдеттегіден кеш еккен. Сондықтан өнім қазан айында ғана пісті. Енді жапатармағай жинайын десе ауданда техника күші аз. Шаруалар арнайы жинайтын комбайнға кезекке тұрып, уақытын өлтіріп жүр.

(Соңы 8-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 496.17 **USD/KZT** 464.49 **RUB/KZT** 5.03 **CNY/KZT** 63.77